

Әсеттің
4, 1 ж. 2018

«Атырау облысы білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№16 «Дюймовочка» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын

ІСКЕРЛІК ОЙЫН

«Жемқорлықсыз болашақ»

Өткізген: қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ә.Ыбаева

Іскерлік ойын: «Жемқорлықсыз болашақ»

Мақсаттары: Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыруға атсалысу.

Жүргізуші: Сәлеметсіздерме әріптестер! Бүгін біз сіздермен сыбайлас жемқорлық туралы әңгімелейтін боламыз. Алдымен «Еңбекқор ағаш шебері» деген бір аңызды тыңдап алайық. Еңбекқор отыншы өзінің жұмысын адал жасап, үнемі отын жинайды кен. Және ол үшін мақтау естиді екен. Тек отыншыдан бір нәрсені жасырады екеу ол отынды адамдарды өртеу үшін жинап береді екен.

Аңыз не туралы? Қалай ойлайсыздар, өз ойларыңызды айтыңыздаршы.

Бұл аңызда не айтылады? Бұл аңызда адам өзінің жасаған жұмысының салдарын білу керек, нәтижесінде біреуге жамандық немесе жақсылық жасап жатырмызба. Біз бүгін адамдардың мұндай зұлымдығы қоғамымыздың азғындауына әкеліп соғып жатқандығы туралы айтамыз. Бұл зұлымдық атауы-сыбайлас жемқорлық.

1. «Қарлы доб» (миға шабуыл)- сыбайлас жемқорлық ұғымын сезіне отырып «қарлы доб» жасайық. Сыбайлас жемқорлық сөзімен қандай түсініктер пайда болды сіздерде?
(пара алу, пара беріп сатып алу, алдау, алаяқ)
2. Слайд сыбайлас жемқорлық дегеніміз не?
3. Фильм «Сыбайлас жемқорлық»
4. Ситуациялық жағдаяттарды шешу.

Педагогтар жұпқа бөлінеді. Әр жұпқа жеке тапсырма беріледі. Жағдаяттарды сахналау.

I жағдаят. Институт мұғалімі емтиханды сізді үшінші мәрте өткізбей тұр. Өзінің түрімен ол сізден ақша талап етіп тұрғанын көрсетуде. Сіздің әрекетіңіз.

II жағдаят. Сізге басшы қызметкерге заңғы сәйкес келмейтін белгілі бір қызметтің ақшасын ұсынады. Сіздің әрекетіңіз?

III жағдаят. Сізге шұғыл түрде жолдамамен демалу үшін шетелдік құжат керек. Ал оны алу үшін 1 ай уақыт керек болады. Сіздің әрекетіңіз.

Дайындалуға уақыт беріледі. Әр жұп өзінің жағдаятын ойнап шығады. Бір-бірінен кеткен кемшілікті тауып, талқылайды. Және ұсынылған жағдайларда әрекет ету қаншалықты дұрыс болды.

III жағдаят. Сізге шұғыл түрде жолдамамен демалу үшін шетелдік құжат керек. Ал оны алу үшін 1 ай уақыт керек болады. Сіздің әрекетіңіз.

Дайындалуға уақыт беріледі. Әр жұп өзінің жағдаятын ойнап шығады. Бір-бірінен кеткен кемшілікті тауып, талқылайды. Және ұсынылған жағдайларда әрекет ету қаншалықты дұрыс болды.

IV жағдаят.

Жаттығу «Халық даналығы не дейді?»

Тапсырма: Қандай мақал – мәтелдер мен нақыл сөздерде қоғамдағы сыбайлас жемқорлық бейнеленген.

«Не подмажешь, не поедешь»-вымогательство, взяточничество

«Рука руку моет»-групповая запланированная деятельность в подкупе.

«Загрэбать жар чужими руками»-несознательное соучастие в мошенничестве и афреак.

«Видит ока, да зуб не мед»-безрезультативность действий борьбы с коррупцией.

Тапсырма: «Сұрақ-жауап»

- 1.Пара беру дегеніміз не?
- 2.Пара мен сыйлықтың айырмашылығы қандай?
- 3.Сыбайлас жемқорлық жайлы мәліметтерді қайдан білесіңдер?
4. Мұғалімге мерекелерде гүл шоқтарын сыйлау жемқорлыққа жатады ма?2.
- 5.Емделіп болған наукас дәрігерге өзінің алғысын белгілі - бір сыйлықты (гүл, сағат, портрет.....) сыйласа жемқорлыққа жатады ма?
6. Жоғарғы оқу орындарында білім алушылар, емтихан уақытында оқытушыларына үстел жасаса, бағалы сыйлық әперсе, жемқорлыққа жатады ма?
- 7.Қала ішіндегі автобустардың кейбіреулері тендер ұтып алады да, қала ішінде жолаушыларды тасымалдау барысында көптеген қателіктер жасап жатады. Мысалға автобуска адамдарды санынан артық отырғызу, аялдамасы жоқ жерлерде тоқтап, адамдарды үсті - үстіне алу жемқорлыққа жата ма? (

Адамгершілік туралы мақал-мәтелдер:

- 1.Адамгершілік болмай, Әділдік болмас.
- 2.Адамның ұяты бетінде, Адамгершілігі ниетінде.
- 3.Адамгершілікке арналған үш сауал бар:
Шөлге құдық қазған бір сауап,
Өзенге көпір салған бір сауап,
Жолға ағаш еккен бір сауап.
- 4.Адалдық — ардың ісі.
- 5.Шындық жоқ жерде сұмдық көп.
- 6.Адамның әдемілігі шыншылдығында.
- 7.Ақиқат сөзде алалық жоқ.
- 8.Әділ айтқан жеңер.
- 9.Әділдікке жығылмайтын адам жоқ.
- 10.Әкімің әділ болмаса жұрт бұзылады,
Саудаң әділ болмаса нарық бұзылады.

Сыбайлас жемқорлық-экономикалық өсу мен дамуға кедергі болып, қоғамға қауіп төндіреді. Сыбайлас жемқорлыққа билікте отырған кез-келген адам ұрына алады, шенеуніктер, сот, әкімшілер, депутаттар, экзамен қабылдаушы педагогтар, дәрігерлер т.б. Олардың барлығының мүдделері бір болады, яғни экономикалық пайда табу. Сонымен қатар оларға әшкерелену мен жазалану қаупі төніп тұрады.

Қазіргі қоғамдағы алаяқтық, парақорлық, бопсалаумен қалай күресуге болады?

Ол үшін:

- 1.Пара бермеуіміз және алмауымыз керек.
- 2.Сыбайлас жемқорлық істерін жария етуіміз қажет.
- 3.Жергілікті баспасөзге өздеріңізге мәлім сыбайластық туралы жариялау.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілетін іс-шара, акцияларға қатысу.

5. Сыбайлас жемқорлық Заңдарымен үнемі танысып отыру.

Құрметті әріптестер, біздің әр қайсымыз сыбайластық жемқорлыққа жол бермесек, мансабымызды пайдаланбасақ, бұл індетті жоямыз деген ойдамын. Еліміздің болашағы зор, барлық қиындықтардан сүрінбей өтіп, бұдан да көркейетініне сенімім мол. Кез-келген жағдайда заңды айналып өтпей, дұрыс шешім табуға тырысайық.